

**"Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 02 наурызда N 46 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 01 сәуірде N 3802 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 26 мамырдағы № 135 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 26.05.2017 № 135 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).  
Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабының 2-тармағына және 39-бабына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 17-бабының 7) тармақшасына, 164-бабына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (В. Е. Чернецкий) осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімнің орынбасары Д. М. Мусинге жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*Д. Ахметов*

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің  
2015 жылғы "2" наурыздағы  
№ 46 қаулысымен  
бекітілген

# **"Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесінің ережесі**

## **1. Жалпы ережелер**

1. "Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқарма) табиғи ресурстарды қорғау және табиғат пайдалануды реттеу саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Басқарма өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Басқарма мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Басқарма азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Басқарманың егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Басқарма өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Басқарма басшысының бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Басқарманың құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

8. Басқарманың орналасқан жері: 070004, Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Карл Либкнехт көшесі, 19.

9. Мемлекеттік органның толық атауы - "Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" мемлекеттік мекемесі.

10. Осы ереже Басқарманың құрылтай құжаты болып табылады.

11. Басқарманың қызметін қаржыландыру жергілікті (облыстық) бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Басқармаға кәсіпкерлік субъектілерімен Басқарманың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

## **2. Басқарманың миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері**

13. Миссиясы: қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру, жаңаратын табиғи ресурстарды тиімді тұрақты пайдалану, ормандылықты арттыру және флора мен фаунаның биологиялық әртүрлілігін сақтау, тұрғындардың салауатты, қауіпсіз өмір сүруі және өздерін жайлы сезінулерінің негізі ретінде қоршаған ортаның сапасын жақсарту.

14. Міндеттері:

1) орман және аңшылық ресурстарын, су объектілерін мемлекеттік реттеу және ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету;

2) орман, су және аңшылық шаруашылығы, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысу;

3) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың өсімдіктер, жануарлар әлемінің биологиялық әртүрлілігін, тұрпатты, бірегей және сирек кездесетін ландшафттарын сақтау.

15. Функциялары:

1) қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) өз құзыреті шегінде шаруашылық қызмет объектілерінің мемлекеттік экологиялық сараптамасын ұйымдастырады және жүргізеді;

3) өз құзыреті шегінде қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар береді, оларда қоршаған ортаға эмиссияларға лимиттер белгілейді;

4) мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізу кезінде қоғамдық тыңдаулар ұйымдастырады;

5) қоршаған ортаны қорғау саласында құжаттар әзірлеу жөнінде ұсыныстар енгізеді, мұндай құжаттардың бастамашылық жобаларын қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның қарауына береді;

6) қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауды және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын сыртқы сарапшыларды (жеке және заңды тұлғаларды) сараптамалық жұмыстар жүргізуге тартады;

7) өз құзыреті шегінде қоршаған орта сапасының нысаналы көрсеткіштерін әзірлейді;

8) қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламалар әзірлеуді ұйымдастырады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

9) коммуналдық қалдықтармен жұмыс істеу кезінде экологиялық талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

10) қалдықтардың пайда болу көлемдерін бақылауды жүзеге асырады және қалдықтардың пайда болу көлемдерін азайтуға, олардың қайтадан немесе баламалы түрде пайдаланылу деңгейін арттыруға және көмілуге тиіс қалдықтар көлемін қысқартуға бағытталған іс-шаралар мен экономикалық ынталандырулар әзірлейді;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен табиғи ресурстарды табиғат пайдалануға беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

12) тиісті аумақта тұрған табиғат объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;

13) қоғамдық экологиялық сараптама жүргізудің тіркелуін жүзеге асырады;

14) қоршаған ортаны қорғау саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлейді және оларды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынады;

15) өз құзыреті шегінде табиғат қорғау іс-шараларының жоспарларын келіседі;

16) парниктік газдар шығарындыларын азайту мен оларды сіңіру жөніндегі жобаларды әзірлейді және қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органмен келіседі;

17) мемлекеттік орман саясатын қалыптастыру және оны іске асыру жөніндегі ұсыныстарды тұжырымдауға қатысады;

18) ормандарды күзетуді, қорғауды, молықтыру мен орман өсіруді ұйымдастырады және қамтамасыз етеді, облыстың жергілікті атқарушы органының функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры аумағында орман пайдалануды реттейді;

19) мемлекеттік орман қоры аумағында ормандағы өрттердің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

20) жеке және заңды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өрт сөндіру техникаларын, көліктері мен басқа да құралдарын ормандағы өрттерді сөндіруге тарту тәртібін айқындайды, осы жұмысқа тартылған жеке тұлғаларды жүріп-тұру , өрт сөндіру құралдарымен, тамақпен және медициналық көмекпен қамтамасыз етеді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өртке қарсы ерікті құралымдардың жұмыс істеуіне жәрдемдеседі;

22) орманда өрт қаупі болатын маусымға мемлекеттік орман қоры аумағында өрттерді сөндіру үшін жанар-жағармай материалдарының резервін жасайды;

23) шаруа қожалықтарының және өзге де ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына іргелес аумақтардағы ауыл шаруашылығы алқаптарында, жайылымдық және шабындық жерлерде сабантүбін, аңыздарды және өзге де өсімдік қалдықтарын өртеуіне, қау шөбін өртеуіне бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

24) өртке қарсы насихатты, бұқаралық ақпарат құралдарында ормандарды сақтау, ормандарда өрт қауіпсіздігі ережелерін орындау туралы мәселелердің тұрақты берілуін ұйымдастырады;

25) облыс аумағында ормандағы өртке қарсы күрес жөніндегі жұмыстарды үйлестіреді, қажет болған жағдайда осы мақсатта арнайы комиссиялар құру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

26) орман қоры аумағында орман зиянкестерімен және ауруларымен күрес және орманның санитарлық жай-күйін жақсарту жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады;

27) орман зиянкестері мен ауруларына қарсы күресте авиахимиялық, авиабиологиялық және аэрозольдік іс-шаралар жүргізген кезде, сондай-ақ орманда өрт қаупі жоғары болып тұрған кезеңдерде жеке тұлғалардың мемлекеттік орман қоры аумағында болуына тыйым салу туралы, орман пайдалану құқығын шектеу туралы шешім қабылдайды;

28) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға беру үшін облыстың жергілікті атқарушы органының функционалдық қарауындағы орман қорының мемлекеттік есебі, мемлекеттік орман кадастры, мемлекеттік орман мониторингі бойынша материалдар әзірлейді;

29) облыстың жергілікті атқарушы органының функционалдық қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде аяқталған объектілерді және орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізу нәтижесінде өндірілген дайын өнімдерді қабылдайды;

30) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелері (сүректі түбірімен босату үшін мөлшерлемелерді қоспағанда) жобаларын әзірлейді;

31) орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның және облыстың жергілікті өкілді органының қатысуымен өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман ресурстарын ұзақ мерзімді пайдалануға беру жөнінде тендерлер ұйымдастырады және өткізеді;

32) жергілікті атқарушы органдардың функционалдық қарамағындағы мемлекеттік орман қорының учаскелерінде орманды пайдалану құқығын, сондай-ақ, ормандардың жай-күйіне және молықтырылуына қауіп төндіретін жұмыстарды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тоқтата тұру, шектеу, тоқтату жөнінде ұсыныстар енгізеді;

33) орман ресурстары сауықтыру, рекреациялық, тарихи-мәдени, туристік және спорттық мақсаттар; аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары; жанама орман пайдалану үшін ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген, облыстың жергілікті атқарушы органының қарауындағы мемлекеттік орман қоры жерлерінде орман пайдаланушыларға құрылыс объектілерін салуға учаскелер беру және осы учаскелерді осындай объектілер салу үшін пайдалануға рұқсат беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

34) мемлекеттік орман қоры учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану шартын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады;

35) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

36) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану жөніндегі өздеріне ведомстволық бағыныстағы органдар мен ұйымдардың қызметін үйлестіру мен бақылауды жүзеге асырады;

37) жергілікті маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің тізбесін бекіту бойынша ұсыныстар енгізеді;

38) жануарлар дүниесін пайдаланушыларға Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу бойынша ұсыныстар енгізеді;

39) жануарларға ауырып қалған, бекітіліп берілмеген аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарында және (немесе) учаскелерінде олардың қырылу қаупі төнген жағдайда оларға көмек көрсету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

40) аңшылық шаруашылығының мұқтаждықтары үшін жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптарды бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді;

41) бір облыстың аумағында орналасқан, жергілікті, халықаралық және республикалық маңызы бар балық шаруашылығы су айдындарын бекітіп беру бойынша конкурстар өткізеді;

42) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерін интродукциялау, реинтродукциялау және будандастыру, сондай-ақ қолдан өсіру жөніндегі қызметті ұйымдастырады;

43) аңшылық алқаптарының резервтік қорында жануарлар дүниесін қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

44) балық шаруашылығы су айдындарының және (немесе) учаскелерінің резервтік қорын қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

45) ғылыми ұсынымдар негізінде балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін паспорттауды жүргізеді;

46) рекреациялық балық аулау аймағын белгілейді;

47) балық шаруашылығы учаскелерінің шекараларын белгілейді, ұйықтарды (ұйықтық учаскелерді) ашады және жабады;

48) екі және одан да көп облыс аумағында орналасқан балық шаруашылығы су айдындарында ғылыми-зерттеу үшін аулау, сондай-ақ сирек кездесетін және

құрып бара жатқан жануарлар түрін қоспағанда, жануарлар әлемін пайдалануға рұқсат береді;

49) коммуналдық меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарын басқарады, оларды қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

50) мемлекеттік меншіктегі су шаруашылығы құрылыстарының есебін жүргізеді, иесіз су шаруашылығы құрылыстары табылған жағдайда Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген рәсімдерді жүргізеді;

51) су қорын пайдалану мен қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

52) бассейндік су шаруашылығы басқармаларымен, халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ауыз сумен жабдықтау көздерінің су қорғау аймақтарын, белдеулерін және санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу жөніндегі ұсыныстарын енгізеді;

53) бассейндік су шаруашылығы басқармаларының келісімімен су қорғау аймақтары мен белдеулерін шаруашылық пайдаланудың режимі мен ерекше жағдайларын белгілейді;

54) конкурстық негізде Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен су объектілерін оқшау немесе бірлесіп пайдалануға беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

55) бассейндік кеңестердің жұмысына және бассейндік келісімге қатысады, су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, елді мекендерді сумен жабдықтау, су бұру жөніндегі ұсыныстарды бассейндік кеңестердің қарауына енгізеді, бассейндік кеңестердің ұсынымдарын зерделейді, оларды іске асыру жөнінде шаралар қолданады;

56) су объектілерін ұтымды пайдалану және қорғау, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етеді;

57) судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындармен басқа да құрылыстарды орналастыруды және пайдалануға беруді, сондай-ақ су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс, түбін тереңдету және басқа да жұмыстарды жүргізу шарттарын келіседі;

58) облыс аумақтарында су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерін шешеді;

59) су шаруашылығы құрылыстарындағы авариялардың зардаптарын жою жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырады;

60) облыс аумақтарында орналасқан су объектілерінің жай-күйі туралы халықты хабардар етуді жүзеге асырады;

61) жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын әзірлейді;

62) су пайдаланушылар арасында су пайдалану лимиттерін бөледі;

63) республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жүйесі мен экологиялық желілерді дамыту, республикалық және жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі ұсыныстарды уәкілетті органға енгізеді;

64) ерекше қорғалатын табиғи аймақтар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады;

65) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерін әзірлеуді ұйымдастырады және оларға мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізеді;

66) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің тізбесін, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөніндегі жаратылыстану-ғылыми және техникалық-экономикалық негіздемелерді бекіту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

67) уәкілетті органмен келісе отырып, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құру және кеңейту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

68) мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған жағдайда, жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды функционалдық аймақтарға бөлуді түзету жобаларын бекітеді;

69) облыстың жергілікті атқарушы органының қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды басқару жоспарларын әзірлейді және бекітеді, оларды күзетуді, қорғауды және қалпына келтіруді, сондай-ақ ғылыми зерттеулер жүргізуді қамтамасыз етеді;

70) заңды тұлға мәртебесі бар жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар көрсететін қызметтер үшін тарифтер мөлшерін бекіту жөніндегі ұсыныстар енгізеді;

71) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік кадастрын жүргізуге қатысады;

72) уәкілетті органмен келісе отырып, облыстың жергілікті атқарушы органдарының қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың паспорттарын әзірлейді және бекітеді және паспорттарды уәкілетті органға тіркеуге (қайта тіркеуге) береді;

73) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың барлық түрін құру үшін жерді резервте қалдыру жөнінде ұсыныстар енгізеді;



74) ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды қорғау аймақтары шегінде осы аумақтардың экологиялық жүйелерінің, экологиялық дәліздердің жай-күйіне, сондай-ақ оларды қорғау және пайдалану режиміне теріс әсер ететін қызметтің барлық түрін шектей отырып, осындай аймақтарды белгілеу жөнінде ұсыныстар енгізеді;

75) облыстың жергілікті атқарушы органының қарауындағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің күзетілуін, қорғалуын және пайдаланылуын мемлекеттік қадағалауды және бақылауды жүзеге асырады;

76) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғат ескерткіштері аумағының шекарасын және қорғау режимінің түрлерін бекітуге ұсыныс енгізеді;

77) жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем ставкаларын әзірлейді;

78) жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи қамалдарды тарату және олардың аумақтарын кішірейту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

78-1) елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді;

79) жергілікті мемлекеттік басқару мүдделерінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

**Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 15.05.2015 № 118 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

16. Құқықтары:

1) Басқарманың құзырына кіретін мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, жеке тұлғалардан қажетті ақпаратты және құжаттарды заңнамада белгіленген тәртіпте сұрау және алу;

2) Басқармаға ведомстволық қарасты ұйымдарды құру, қайта құру және тарату бойынша ұсыныстар енгізу;

3) өзінің қызметін жүзеге асыруға қажетті өзге де құқықтар.

Міндеттері:

Басқарма өзінің функцияларын қолданыстағы заңнаманың талаптарына сәйкес жүзеге асыруға міндетті.

### **3. Басқарманың қызметін ұйымдастыру**

17. Басқармаға басшылықты Басқармаға жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын Басқарма басшысы жүзеге асырады.

18. Басқарма басшысын облыс әкімі қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

19. Басқарма басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

20. Басқарма басшысының өкілеттігі:

1) заңнамаға сәйкес Басқарманың қызметкерлерін, Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың директорларын, олардың орынбасарларын, бас бухгалтерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

2) заңнамада белгіленген тәртіпте Басқарманың қызметкерлерін, Басқарманың қарамағындағы мемлекеттік заңды тұлғалардың директорларын, олардың орынбасарларын, бас бухгалтерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

3) Басқарманың барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

4) Басқарманың құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

5) мемлекеттік органдарда және басқа ұйымдарда Басқарманың атынан шығады;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша қажетті шаралар қабылдайды және бұл үшін дербес жауапты болады;

7) ерлер мен әйелдердің тәжірибесіне, қабілеттері мен кәсіптік даярлығына сәйкес олардың мемлекеттік қызметке теңдей қол жеткізуін қамтамасыз етеді;

8) заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде Басқарманың мүлкіне иелік етеді;

9) Басқарманың атынан шарттар (келісімшарттар) жасасады және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

21. Басшы өз орынбасарлары мен құрылымдық бөлімшелер басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес белгілейді.

#### **4. Басқарманың мүлкі**

22. Басқармада заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Басқарманың мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ қаржыландыру жоспары бойынша оған берілген қаржының есебінен сатып алынған мүліктің есебінен қалыптастырылады.

23. Басқармаға бекітілген мүлік Шығыс Қазақстан облысының коммуналдық меншігіне жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Басқарманың өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

## **5. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату**

25. Басқарманы қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

## **Басқарманың қарамағындағы ұйымдардың тізбесі**

1. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Шығыс су қоймалары" мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Асу-Бұлақ орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

3. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Үлкен-Нарын орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

4. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Верх-Уба орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

5. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Зайсан орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

6. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Зырян орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

7. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Күршім орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

8. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Риддер орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

9. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Марқакөл орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

10. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Малая Уба орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Пихта орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Самар орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

13. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Черемшанка орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

14. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Өскемен орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

15. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Орман және аңшылық шаруашылығының жедел қимыл отряды" коммуналдық мемлекеттік мекемесі.